Бесін ас	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Салауатты өмір салты**	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **Салауатты өмір салты**	Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **Салауатты өмір салты**	Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту **Салауатты өмір салты**	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **Салауатты өмір салты**

Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжеттік-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	«Менің сүйікті ойыншықтарым» 1-күн. «Ойыншықтар әлемі» **Әдіс-тәсіл:** «Сиқырлы сандық» **Тіл дамыту:** қуыршақ, доп, машина, аю, текше сөздерін қолдану. «Үлкен доп, қызыл машина, кішкентай аю» сөз тіркестерін айту. **Көркем әдебиет:** ойыншық туралы тақпақты тыңдау, ырғақты қайталау. **Сенсорика:** ойыншықтарды түсі бойынша сұрыптау.	«Ойыншықтың түсі, пішіні, көлемі» **Әдіс-тәсіл:** STEAM «Ойыншықтар зертханасы» **Тіл дамыту:** қызыл, көк, сары; дөңгелек, төртбұрыш; үлкен, кіші сөздерін бекіту. **Көркем әдебиет:** ойыншықтардың түсі туралы қысқа өлең. **Сенсорика:** пішіні, көлемі, түсі бойынша біркелкі ойыншықтарды топтастыру. **Құрастыру:** түрлі көлемдегі текшелерден мұнара жасау.	«Көліктермен ойнаймыз» **Әдіс-тәсіл:** STEM «Машинаға жол сал» **Тіл дамыту:** машина, автобус, пойыз сөздерін меңгерту. «Жүреді, тоқтайды, алады, салады» етістіктерін қолдану. **Көркем әдебиет:** көлік туралы шағын тақпақ. **Сенсорика:** үлкен және кіші машиналарды ажырату, түсі бойынша топтау. **Құрастыру:** кірпіштерден машинаға жол, көпір немесе гараж жасау.	«Қуыршақты киіндіреміз» **Әдіс-тәсіл:** Сюжеттік ойын «Қуыршаққа көмектесейік» **Тіл дамыту:** көйлек, шалбар, күрте, бас киім, аяқкиім; «кию–шешу» етістіктерін қолдану. **Көркем әдебиет:** қуыршақ туралы шағын әңгіме, қуыршаққа жанашырлық білдіру. **Сенсорика:** киімдерді түсі мен көлемі бойынша ажырату.	«Ойыншықтар дүкені» **Әдіс-тәсіл:** Сюжеттік-рөлдік ойын + квест **Тіл дамыту:** «Маған доп бер», «Машинаны аламын», «Қуыршақты орнына саламын» сөздерін қолдану. **Көркем әдебиет:** сүйікті ойыншық туралы тақпақтарды қайталау. **Сенсорика:** ойыншықтарды түсіне, пішініне, көлеміне қарай дүкен сөресіне орналастыру. **Құрастыру:** дүкен сөресін құрастыру.
Балалармен жеке жұмыс	«Сау болайық» ойыны Тәрбиеші қолын бұлғап: «Сау бол!» дейді. Баладан да қол бұлғауын сұрайды. Музыка жай қосылып, бала қимылды қайталайды.	**«**Сәлемдесу қуыршақпен» Тәрбиеші қуыршақты көтеріп: «Сәлем!» дейді. Бала қуыршаққа қол бұлғап, «а-а» дыбысына еліктейді.	«Шап-шап, топ-топ» Тәрбиеші қолын шапалақтап «шап-шап» дейді. Бала қайталайды. Аяқпен тарсылдатып «топ-топ» жасайды.	«Доп сөйлейді» Допты домалатып: «Бо-бо-бо» дейді. Бала да допты алып, дыбысқа еліктейді.	«Жаңбыр жауды» Тәрбиеші саусақтарын үстелге тарсылдатып: «Тырс-тырс!» дейді. Бала да қайталайды, қолымен «жаңбыр» ойынын ойнайды.

Серуенге дайындық	Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау:	Топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету	Өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыру	Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.	Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.
Серуен	**«Өзеннен өту»** **Мақсаты:** Тепе-теңдікті сақтау дағдысын дамыту. **Шарты:** Жіп немесе бор сызығы арқылы «көпір» белгіленеді. Балалар кезекпен көпірден құламай өтеді.	**«Бау-бақшадағы еңбек»** **Мақсаты:** Қимыл белсенділігін арттыру, еңбек дағдыларын ойынмен қалыптастыру. **Шарты:** Балалар ойыншық тырма, күрекпен «жер қазады», «гүл отырғызады».	**«Ұшатын шарлар»** **Мақсаты:** Қол-аяқ үйлесімділігін дамыту. **Шарты:** Әр балаға шар беріледі. Шарды жерге түсірмей, қолмен немесе аяқпен соғып жүреді.	**«Үйшігіңе жет»** **Мақсаты:** Жылдам реакцияны қалыптастыру. **Шарты:** Балалар алаңда еркін жүреді, тәрбиеші «жаңбыр» десе, әр бала белгіленген «үйшікке» (дөңгелек, шеңбер) жүгіріп жетеді.	**«Құмырсқалар»** **Мақсаты:** Ұжымдық әрекетті қалыптастыру. **Шарты:** Балалар «құмырсқа» болып, үлкен «дәнді» (доп) командалық күшпен белгіленген жерге жеткізеді.
Серуеннен оралу	Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және	Дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды	Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну	Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп	Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну

	шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу**	балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу**	және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу**	ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу **Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу**	және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу**
Кешкі ас	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Салауатты өмір салты**	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **Салауатты өмір салты**	Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **Салауатты өмір салты**	Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту **Салауатты өмір салты**	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **Салауатты өмір салты**
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа	**Құрастыру:** ойыншық тарға сөре жасау. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** ойыншық тарды күтіп ұстау, сындырмау, орнына	**Қоршаған әлеммен таныстыру:** ойыншық тардың пішіні мен материалы әртүрлі болатынын түсіндіру.	**Қоршаған әлеммен таныстыру:** көлік құралдары туралы бастапқы түсінік қалыптастыру.	**Қоршаған әлеммен таныстыру:** киім мен аяққиімнің қызметі туралы қарапайым түсінік беру.	**Қоршаған әлеммен таныстыру:** ортақ ойыншықтарды бөлісу және ұқыпты пайдалану.

ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	қою туралы түсінік қалыптастыру. **Сурет салу:** түрлі түсті доптар. **Мүсіндеу:** үлкен және кіші доп. **Жапсыру:** фланелеграфқа доп, қуыршақ, машина бейнелерін орналастыру.	**Сурет салу:** дөңгелек және түзу сызықтар. **Мүсіндеу:** шар тәрізді ойыншық жасау. **Жапсыру:** геометриялық пішіндерден машина құрастыру.	**Сурет салу:** машинаның жүретін жолын көлденең және ирек сызықтармен салу. **Мүсіндеу:** машинаға арналған дөңгелектер. **Жапсыру:** фланелеграфта геометриялық пішіндерден машина орналастыру.	**Сурет салу:** қуыршақтың көйлегіне тік және көлденең өрнектер. **Мүсіндеу:** қуыршаққа бас киім немесе түйме бейнесі. **Жапсыру:** фланелеграфқа қазақтың ұлттық бас киімін немесе қуыршақ киімін орналастыру.	**Сурет салу:** «Ойыншық дүкеніне жол». **Мүсіндеу:** ойыншық қа сыйлық. **Жапсыру:** ортақ «Ойыншықтар сөресі».
Балалардың үйге қайтуы	Баламен кезектесіп ойыншық ойнаңыз. Ойын барысында «бер», «ал», «мә» сияқты қысқа сөздерді қимылмен бірге қолданып, баланың қарым-қатынас жасауға деген қызығушылығын қолдаңыз.	Күн соңында баланы құшақтап, арқасынан немесе қолынан жеңіл сипап, тыныштануына көмектесіңіз. Жылы қарым-қатынас баланың өзін жайлы сезінуіне ықпал етеді.	Баланың сүйікті әнін немесе әуенін бірге тыңдаңыз. Қол шапалақтау, тербелу, қолды көтеру сияқты қарапайым қимылдарды бірге орындап, қайталауға ынталандырыңыз.	Баланың күні бойы жасаған кішкентай жетістіктерін байқап, жылы сөзбен мақтаңыз. Өздігінен аяқ киімін шешу, ойыншығын орнына қою сияқты қарапайым әрекеттерін қолдаңыз.	Күнделікті қолданылатын бір-екі сөзді затты көрсету арқылы қайталаңыз. Баладан сөзді міндетті түрде айтуды талап етпей, оның затқа қарауын, көрсетуін немесе қимылмен жауап беруін қолдаңыз.

Әдіскер: А.Усенова

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Қыркүйек айы
3 апта

Апта дәйексөзі: Білімді бала – еңбекқор бала»

Күн тәртібі	**Дүйсенбі** **14.09.2026**	**Сейсенбі** **15.09.2026**	**Сәрсенбі** **16.09.2026**	**Бейсенбі** **17.09.2026**	**Жұма** **18.09.2026**
Балаларды қабылдау **«Күй күмбірі» – «Келіншек» күйін тыңдау.** Балалардың ұлттық музыкаға қызығушылығын арттыру, әуенді эмоционалды қабылдауын қалыптастыру.	Балаларды қоңыраумен қарсы алу. Сылдырлатып қоңырауын соғып кіріп,келесі балаға береді.Достық қарым-қатынас орнату.	Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б)	Достық эстафетасы арқылы қарсы алу Жағымды атмосфера орнату	Көңілді күн әнімен қарсы алу Жағымды атмосфера орнату.	Қонаққа келген қуыршақпен қарсы алу.Баланың көңіл күйін сұрау
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың еркін қозғалуына ыңғайлы, ауа райына сәйкес киім және қауіпсіз аяқ киім таңдаңыз. Мүмкіндігінше қарапайым киім әрекеттерін өздігінен орындауына уақыт беріңіз.	Баланы балабақшаға жақсы көңіл-күймен шығарып салыңыз. Қоштасу кезінде қысқа әрі жылы сөздер айтып, баланың көңілін алаңдататын жағымсыз сөздерден аулақ болыңыз.	Баланы құшақтап, жылы сөз айтып шығарып салыңыз. Ата-ананың сабырлы дауысы мен мейірімді қарым-қатынасы баланың өзін қауіпсіз сезінуіне көмектеседі.	Балабақшаға бара жатқанда баланың сүйікті әнін айтып немесе көңілді әуен тыңдап, жағымды көңіл-күй қалыптастырыңыз. Әуен ырғағына сәйкес қарапайым қимылдар жасауға ынталандырыңыз.	Балаға «Күнің жақсы өтсін!», «Көңілді ойна!» сияқты жылы тілектер айтып, күлімсіреп қоштасыңыз. Балабақшаға баруды жағымды күнделікті әрекет ретінде қабылдауына көмектесіңіз.

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары) **«Өнегелі 15 минут»**	**«Бата ма, батпай ма?»** Тәрбиеші су құйылған ыдысқа жеңіл және ауыр заттарды кезекпен салады. Балалар заттың суға бататынын немесе бетінде қалатынын бақылайды. **STEM**	**«Үлкен – кішкентай»** Балалар үлкен және кішкентай текшелерді салыстырады, бір-бірінің жанына қояды. **STEM**	**«Құмға із салайық»** Балалар құмға ойыншық, текше немесе алақанын басып, пайда болған іздерді бақылайды. **STEM**	**«Ыстық суық»** Тәрбиеші ыстық және салқын заттардың суретін көрсетеді. Балалар қауіпсіз затты қолымен көрсетеді. «Ыстыққа қол тигізбейміз» деп түсіндіреді. **Қауіпсіздік мәдениеті**	**«Болады – болмайды»** Тәрбиеші қауіпсіз және қауіпті әрекеттерді ойыншықтар арқылы көрсетеді. Балалар «болады» немесе «болмайды» дегенді қимылмен ажыратады. **Қауіпсіздік мәдениеті**
Ертеңгілік жаттығу	Қолдарын жайып, «құстар ұшты» дейді. «Ағаш» сияқты тік тұрады. Орнында жеңіл жүгіріп, «жаңбырдан қашады». **Салауатты өмір салты**	Бастарын жоғары көтеріп, «күнге қарайды». Қолдарын жай айналдырып, «бұлттар келеді» дейді. Алақандарын соғып, «жаңбыр жауады» қимылын жасайды. **Салауатты өмір салты**	«Қораз» сияқты қолдарын сермейді. «Қоян» секіреді. «Көбелек» сияқты қолдарын қағып жүреді. **Салауатты өмір салты**	Қолдарын жоғары-төмен қозғайды. Жеңіл отырып-тұрады. Орнында секіреді. **Салауатты өмір салты**	«Жел соқты» қолдарын жанға жайып тербеледі. «Аю жүрісі» жасайды. «Шалқанды тартты» қолдарын алға-артқа созады. **Салауатты өмір салты**
Таңғы ас	Қолды сабындап жууға, жеңін түре білуге үйрету **Салауатты өмір салты**	Өз орнын тауып отыру, қасықты дұрыс ұстау **қауіпсіздік мәдениеті,**	Тамақты ұқыпты жеу, ауызды жауып шайнауға үйрету	Майлықты дұрыс пайдалану, тамақтан кейін алғыс айту. **қауіпсіздік мәдениеті,**	Суды босқа ағызбауға үйрету Тамақтану әдебін сақтауға үйрету

		Салауатты өмір салты	**қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты**	**Салауатты өмір салты**	**қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты**
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі ҰІӘ)	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындау. **еңбекке баулу, буллингтің алдын алу, жауапкершілік**	Қызығушылық орталықтарына қызықтыру, ойыншықтарды қауіпсіз пайдалану. Орталық тардағы заттарды орнына жинауға, бір-біріне көмектесуге, ортақ ережені сақтауға үйрету. **еңбекке баулу, буллингтің алдын алу, жауапкершілік.**	Құрылыс, сурет салу бұрыштарына бағыттау. Қалдық материалдармен қарапайым әрекет жасау, бірлесіп жұмыс істеуге, бір-бірінің жасаған жұмысын құрметтеуге баулу **буллингтің алдын алу, «Адал азамат» – «Заң мен тәртіп».**	Қалдық материалдармен қарапайым әрекет жасау. Құрылыс, сурет салу бұрыштарына бағыттау, құралдарды өзара бөлісіп, кезекпен пайдалануға дағдыла ндыру. **экологиялық мәдениет, буллингтің алдын алу.**	Орталықтардағы заттарды орнына жинау Қызығушылық орталықтарына қызықтыру, ойыншықтарды қауіпсіз пайдалануға, бір-бірін ренжітпей, тату ойнауға баулу **қауіпсіздік мәдениеті, буллингтің алдын алу**
Кестеге сәйкес ҰІӘ		**Музыка** **Музыка тыңдау:** «Алмалар» әні: М. Әубәкіров, сөзі Т. Молдағалиев. Музыканы тыңдап,	**Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қолды жан-жаққа созу, жоғары көтеру, денені оңға-солға бұру,	**Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қолды екі жаққа созып тепе-теңдік сақтау, аяқтың ұшына көтерілу,	**Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қолды алға созу, допты төмен түсіру, қайта кеудеге әкелу, денені

		көңілді сипатын қабылдау, сурет арқылы күзгі жемістерге назар аудару. **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Жапырақтар» әні мен сөзі: Г. Абдрахманова. Жапырақты қолда ұстап, жоғары көтеру, төмен түсіру, екі жаққа баяу тербету. **Музыкалық ойын:** «Балалар мен жаңбыр» ойыны, музыкасы мен сөзі: Г. Абдрахманова. Музыка сипатына қарай жүру және педагог көрсеткен орынға жиналу	аяқпен орнында топылдату, тізені аздап бүгу. 3–4 рет. **Негізгі қимылдар:** Әртүрлі бағытта жүру: алға, оңға, солға орналасқан белгіге қарай қозғалу. Педагог бір бағытты көрсетеді, балалар сол бағытпен жүріп жетеді және тоқтайды. **Ырғақтық жаттығу:** Музыкамен еркін қадам, музыка тоқтағанда белгіге қарап тоқтау. **Қимылды ойын:** «Түсті тап» — педагог атаған түсті белгіге қарай жүру.	қолды белге қою, алға еңкею және түзу тұру. 3 рет қайталау. **Негізгі қимылдар:** Тура жолмен 3–4 м жүру кезінде жол шекарасынан шықпауға тырысу. Жол соңында тоқтап, жалаушаға қол тигізу. Қажет балаға педагог қолдау көрсетеді. **Ырғақтық жаттығу:** «Түзу жүр, асықпа» деген ырғақпен баяу қадамдау. **Қимылды ойын:** «Жолдан шықпа» — балалар кезекпен жолдың ортасымен жүріп өтеді.	аздап алға иіп түзу тұру, алақанды ашып-жұму. 3 рет. **Негізгі қимылдар:** Жұппен отырып допты бір-біріне домалату. Арақашықтықты 1 м-ден бастап, сәтті орындаған жұпта сәл ұлғайту. Допты ұстап қалған соң қайта домалату. **Ырғақтық жаттығу:** «Саған берем, маған бер» ырғағымен доп алмасу. **Қимылды ойын:** «Досыңа жеткіз» — допты жұбына бағыттап домалату.
Серуенге дайындық	Бас киім мен аяқ киімді дұрыс киюге жаттықтыру.	Киіну кезінде жағымды көңіл күй қалыптастыру. Ауа райына сәйкес	Серуенде топтан бөлінбеуге үйрету.	Ойын алаңында қауіпсіз ойнауға баулу.	Ойын алаңында қауіпсіз ойнауға баулу.

	Серуенге шығу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға, баспалдақпен асықпай жүруге үйрету. **Қауіпсіздік мәдениеті**	киінуге, бас киім мен аяқ киімді дұрыс киюге дағдыландыру. **Салауатты өмір салты**	**Қауіпсіздік мәдениеті**	**Қауіпсіздік мәдениеті**	**Қауіпсіздік мәдениеті**
Серуен	**Балалардың дербес әрекеті** кішкентай доптарды екі қолмен ұстап, жақын жерге лақтыру және домалату. **Қимылды ойын** «Дәл тигіз», допты жақын тұрған үлкен шелекке немесе себетке салуға, лақтыруға талпыну. **Бақылау, зерттеу** алаңдағы тастарды бақылау, үлкен және кіші тастарды көрсету арқылы салыстыру. **Еңбекке баулу** тәрбиешінің бақылауымен қауіпсіз ұсақ тастарды белгіленген жерге жинау.	**Балалардың дербес әрекеті** үлкен шеңберді ұстап көру, домалату және оның айналасында жүру. **Қимылды ойын** «Түйе жүрісі», тәрбиешінің артынан асықпай, баяу және үлкен қадамдармен жүру. **Бақылау, зерттеу** алаңдағы шөптерді бақылау, аласа және биік шөптерге назар аудару, қолмен сипап көру. **Еңбекке баулу** тәрбиешінің көмегімен жерде жатқан құраған шөптерді жинап,	**Балалардың дербес әрекеті** үш дөңгелекті велосипедке отырып, аяқпен итерілуге және алға қозғалуға талпыну. **Қимылды ойын** «Кім жылдам», белгіленген қысқа қашықтыққа тәрбиешінің көмегімен қозғалу. **Бақылау, зерттеу** алаңдағы орындықтарды бақылау, олардың пішініне, көлеміне және орналасуына назар аудару. **Еңбекке баулу** тәрбиешінің көмегімен қауіпсіз шүберекпен орындықты сүртуге қатысу.	**Балалардың дербес әрекеті** құмды қалақпен қазу, қалыптарға салу және құмнан қарапайым үйшік жасауға талпыну. **Қимылды ойын** «Мысық пен тышқан», тәрбиешінің көрсетуімен жүру, жеңіл жүгіру және белгі бойынша тоқтау. **Бақылау, зерттеу** алаңдағы ағаштарды бақылау, діңіне, бұтақтары мен жапырақтарына назар аудару. **Еңбекке баулу** тәрбиешінің көмегімен алаңдағы қауіпсіз ұсақ	**Балалардың дербес әрекеті** қуыршақты қолына ұстау, отырғызу, тербету және қарапайым ойын әрекеттерін орындау. **Қимылды ойын** «Қуыршақ серуені», қуыршақты ұстап, тәрбиешінің артынан белгіленген бағытпен баяу жүру. **Бақылау, зерттеу** күн сәулесінен пайда болған көлеңкені бақылау, өз көлеңкесінің қозғалысына назар аудару. **Еңбекке баулу** қуыршақтың киімдерін тәрбиешінің көмегімен реттеу,

		белгіленген жерге салу.		қоқыстарды жинап, арнайы ыдысқа салу.	сүрту және орнына жинау.
Серуеннен оралу	Серуеннен қайтарда тәрбиеші көмегімен қатарға тұруға үйрету «Адал азамат» – «Заң мен тәртіп»	Тәрбиеші артынан асықпай жүруге үйрету «Адал азамат» – «Заң мен тәртіп»	Өз шкафын белгісі бойынша табуға үйрету «Адал азамат» – «Заң мен тәртіп»	Тәрбиеші көмегімен сыртқы аяқ киімін шешу «Адал азамат» – «Заң мен тәртіп» еңбекке баулу	Топта киетін аяқ киімін киюге талпындыру. «Адал азамат» – «Заң мен тәртіп» еңбекке баулу
Түскі ас	Мәдени-гигиеналық дағдылар. Тағамның иісі,дәмі жайлы әңгімелесу Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету	Мәдени-гигиеналық дағдылар. Қасықты дұрыс ұстауға және тамақты төкпей ішуге үйрету. Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету	Мәдени-гигиеналық дағдылар. Майлықты қолдану, нан қиқымын шашпауға баулу. Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету	Мәдени-гигиеналық дағдылар. Тамақ алдында қол жуудың маңызын түсіндіру. Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету	Қолды сабындап жуудың денсаулыққа пайдасын түсіндіру Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету
Күндізгі ұйқы	Киімін шешуге көмектесу, орындыққа ілу. Бесік жырын тыңдату.	Өз төсегін тауып жатуға үйрету. Баяу әуен тыңдату.	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.	Балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету Бесік жырын айту	Ұйықтар алдында балаларға кітап оқу Тыныш ұйықтау дағдысын қалыптастыру

	Салауатты өмір салты	**Салауатты өмір салты**	**Салауатты өмір салты**	**Салауатты өмір салты**	**Салауатты өмір салты**
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық жолдарымен жүргізу » **Салауатты өмір салты**	Тыныш жағдайдан сергектікке біртіндеп көшіру, баланың ағзасын қимыл белсенділігіне дайындау **Салауатты өмір салты**	Жағымды музыкамен біртіндеп ояту,қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар жасау **Салауатты өмір салты**	Жағымды музыкамен біртіндеп ояту;Көз жаттығуларын жасау **Салауатты өмір салты**	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық жолдарымен жүргізу» **Салауатты өмір салты**
Бесін ас	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау.	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу	Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету	Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	«Мен және менің достарым» **Әдіс-тәсіл:** «Айнадағы бала» зерттеу ойыны **Тіл дамыту:** көз, мұрын, ауыз, қол, аяқ сөздерін белсенді қолдану. «Менің көзім», «Менің қолым» сөз тіркестерін қайталау.	«Менің көңіл күйім» **Әдіс-тәсіл:** «Эмоция зертханасы» **Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:** тәрбиеші қуанышты,	«Менің досым» **Әдіс-тәсіл:** STEM «Достық көпірі» **Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:** ойыншық аю мен қоян өзеннің екі жағында қалады. Балалар оларға	«Досыма көмектесемін» **Әдіс-тәсіл:** әлеуметтік жағдаяттар театры **Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:** қуыршақ ойыншығын түсіріп	«Достық мерекесі» **Әдіс-тәсіл:** тимбилдинг + шығармашылық шеберхана **Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:** балалар апта бойы үйренген

	Көркем әдебиет: бала туралы қысқа тақпақты тыңдау, тәрбиешімен бірге қимыл арқылы қайталау. Кейіпкердің көңілді күйін эмоциямен қабылдау. **Сенсорика:** үлкен және кіші алақан іздерін салыстыру. Тәрбиешінің ауызша нұсқауы бойынша «үлкен алақанды көрсет», «кішісін тап» тапсырмаларын орындау. **Құрастыру:** дөңгелек, шаршы, тікбұрышты бөлшектерден қарапайым адам бейнесін құрастыру.	мұңайған, күліп тұрған бет бейнелерін көрсетеді. Балалар айнаға қарап сол эмоцияларды қайталайды. **Тіл дамыту:** қуану, күлу, ренжу сөздерін қолдану. «Бала күліп тұр», «Қуыршақ ренжіді» сияқты қарапайым сөйлемдер құрау. **Көркем әдебиет:** қысқа әңгімені тыңдап, кейіпкердің көңіл күйін анықтау. «Неге қуанды?», «Неге ренжіді?» сұрақтарына ишарамен немесе бір сөзбен жауап беру. **Сенсорика:** эмоция карточкаларын түсі немесе пішіні бойынша жұптау; бірдей бейнелерді табу. **Құрастыру:** түрлі түсті текшелерден «Көңіл күй мұнарасын» жасау. Үлкен текшені	кездесуге көмектесу үшін көпір құрастырады. **Тіл дамыту:** дос, көмектесу, құшақтау, бірге ойнау сөздерін қолдану. Балалардың бір-бірінің есімін айтуына жағдай жасау. **Көркем әдебиет:** достық туралы шағын тақпақты тыңдау және ырғақпен қайталау. **Сенсорика:** бірдей түсті немесе бірдей пішінді карточкалары бар балалар жұптасады. «Қызылды тап», «Дөңгелекті ал» ауызша нұсқауларын орындау. **Құрастыру:** жұппен текше, кірпіштерден көпір жасау. Кірпіштің «жатыр» және «тұр» қалпын пайдалану. Ойыншықтың көпірден өте алатынын тексеру.	алады, аю жалғыз қалады, қоянның қорабы ашылмайды. Балалар «Не істейміз?» деген проблемалық жағдаятты шешеді. **Тіл дамыту:** беру, алу, көмектесу, құшақтау, ашу-жабу сөздерін бекіту. **Көркем әдебиет:** көмектесу туралы шағын әңгімені тыңдау, кейіпкерге жанашырлық білдіру. **Сенсорика:** екі бала бірлесіп ойыншықтарды түсі мен көлеміне қарай жинайды. **Құрастыру:** жұппен қуыршаққа үй немесе ойын алаңын жасау.	достық әрекеттерін ойын арқылы қайталайды. **Тіл дамыту:** дос, көмектесу, құшақтау, қуану, күлу, ренжу сөздерін бекіту. **Көркем әдебиет:** сүйікті тақпақтарды хормен қайталау. **Сенсорика:** «Досыңның түсін тап», «Бірдей пішінді тап» ойындары. **Құрастыру:** балалар бірлесіп «Достық қалашығын» құрастырады

		төменге, кішісін жоғары қою.			
Балалармен жеке жұмыс	**«Құмырсқа жүрісі»** Балалардың алақанына кішкентай ойыншық жәндік қойылады, қозғалысын сезіну.	**«Жұмсақ пен қатты жол»** Балаларды кілем үстімен, кейін қатты тақтай үстімен жүргізу. **«Ауаны сезейік»** Баланың бетіне желпуішпен немесе қолымен ауа желпіту.	**«Қоңырау қайда?»** Қоңырауды шымылдықтың артына қояды, дыбысына қарай табу.	**«Қуыршақты оятамыз»** Тәрбиеші «қатты дыбыс» (шапалақ) пен «жай дыбыс» (сыбыр) шығарып, бала қуыршаққа көрсетеді.	**«Ауаны сезейік»** Баланың бетіне желпуішпен немесе қолымен ауа желпіту.
Серуенге дайындық	Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау:	Топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету	Өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыру	Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.	Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.
Серуен	**«Тышқан мен мысық»** **Мақсаты:** Жүгіру дағдыларын дамыту. **Шарты:** Бір бала мысық, қалғандары тышқан.	**«Ауада ұшу»** **Мақсаты:** Қолдың икемділігін, үйлесімді қимылды дамыту.	**«Кім жылдам?»** **Мақсаты:** Жылдамдық пен төзімділікті арттыру. **Шарты:** Түзу сызық	**«Достық пойызы»** **Мақсаты:** Бір-біріне көмектесу, топтық қимылды дамыту. **Шарты:** Балалар бір-	**«Теңіз толқыны»** **Мақсаты:** Ынтымақтастық пен қиялды дамыту. **Шарты:** Балалар қол

	Мысық тышқандарды қуып ұстайды.	**Шарты:** Балалар қолдарын жайып, «ұшақ» болып алаңда жүреді, кедергілерден айналып өтеді.	бойымен белгіленген қашықтықты жүгіріп өту.	бірінің белінен ұстап, пойыз болып жүреді. Кедергілерден бірге өтеді.	ұстасып, толқын қозғалысын қайталайды, бір уақытта отырып-тұрады.
Серуеннен оралу	Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу**	Дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу**	Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу**	Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу **Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу**	Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу**

Кешкі ас	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау.	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу	Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды уйрету	Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Қоршаған әлеммен таныстыру:** баланың өзі туралы бастапқы түсінігін қалыптастыру, дене мүшелерін ажырату және атау. Жеке тазалыққа қатысты «қолды жуу», «бетті сүрту» әрекеттерін еске түсіру. **Сурет салу:** алақанның айналасын сызықпен жүргізу немесе алақаннан тарайтын қысқа сызықтар салу. **Мүсіндеу:** ермексазды домалатып бас пішінін, қысқа бөліктерден көз бен ауызды белгілеу. **Жапсыру:** фланелеграфта «Көңілді бала» бейнесінің көзін, аузын, қолын тиісті орнына орналастыру.	**Қоршаған әлеммен таныстыру:** өзінің және досының көңіл күйін байқауға үйрету. Ренжіген досына көмектесу, құшақтау сияқты әрекеттерді көрсету. **Сурет салу:** тұйықталған дөңгелек сызықпен «Күлімдеген күн», сәулесін қысқа сызықтармен бейнелеу. **Мүсіндеу:** дөңгелек бет бейнесін жасап, ауыз пішінін өзгерту арқылы қуанышты және ренжіген көңіл күйді көрсету. **Жапсыру:** бет пішініне көз, ауыз, қас бөліктерін орналастырып,	**Қоршаған әлеммен таныстыру:** жолдасының атын есте сақтау, бірге ойнау, ойыншықты бөлісу және бір-біріне көмектесу дағдыларын қалыптастыру. **Сурет салу:** екі ойыншықты байланыстыратын көлденең және толқынды «Достық жолын» салу. **Мүсіндеу:** досына сыйлық ретінде домалақ кәмпит немесе гүл жасау. **Жапсыру:** түрлі түсті пішіндерден «Достық гүлі» композициясын құрастыру.	**Қоршаған әлеммен таныстыру:** досына көмектесу, кезек күту, ойыншықпен бөлісу, ренжіген баланы жұбату әрекеттерін көрсету. **Сурет салу:** «Досыма шар сыйлаймын» – дөңгелек пішін және оған тік сызық жүргізу. **Мүсіндеу:** досына арналған кішкентай сыйлық. **Жапсыру:** екі баланың бірлескен жұмысы – «Екі дос».	**Қоршаған әлеммен таныстыру:** достық қарым-қатынасты, бірге әрекет етуді, бір-бірінің есімін айтуды бекіту. **Сурет салу:** үлкен қағазға ортақ «Достық жолы». **Мүсіндеу:** бір-біріне арналған ұсақ сыйлықтар. **Жапсыру:** «Достық шеңбері» ортақ композициясы.

		эмоция бейнесін құрастыру.			
Балалардың үйге қайтуы	Баланың жасына сай пайдалы және жеңіл тағамдар ұсыныңыз. Қасықты өздігінен ұстауына, кеседен су ішуіне мүмкіндік беріп, дербестігін қолдаңыз.	Үйге келгеннен кейін баламен тыныш ойын ойнаңыз. Суретті кітаптарды бірге қарап, суреттегі таныс заттарды көрсетіп, олардың атауларын өзіңіз айтып отырыңыз	Ойыннан кейін ойыншықтарды бірге жинаңыз. «Допты сал», «Машинаны қой» сияқты қысқа нұсқаулар беріп, ойыншықтарды өз орнына қоюға біртіндеп дағдыландырыңыз.	Балаға қағаз бен қауіпсіз қарындаш беріп, еркін сызықтар мен шимайлар салуына мүмкіндік беріңіз. Оның жасаған әрекетіне қызығушылық танытып, «Жарайсың!» деп қолдау көрсетіңіз.	Отбасымен бірге дастарқан басында отыруға мүмкіндік беріңіз. Тамақтану кезінде күнделікті заттардың атауын айтып, «қасық», «кесе», «су» сияқты қарапайым сөздерді естуіне жағдай жасаңыз.

Әдіскер: А.Усенова

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Қыркүйек айы
4 апта

Апта дәйек сөзі: «Бақылаудан – білімге!»

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
	21.09.2026	**22.09.2026**	**23.09.2026**	**24.09.2026**	**25.09.2026**

Балаларды қабылдау **«Күй күмбірі» – «Кеңес» күйін тыңдау.** Қазақтың күй өнерімен таныстыру, ұлттық мәдениетке құрмет сезімін қалыптастыру.	Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу.	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу.	Үш түрлі смайликпен қарсы алу.Жағымды атмосфера орнату	Қонаққа келген қоянның ойыншығымен қарсы алу.	Достар әнімен қарсы алу
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Баланы жақсы көңіл-күймен шығарып салып, құшақтап, жылы сөз айтыңыз. Баланың балабақшаға сенімді баруына ата-ананың сабырлы көңіл-күйі маңызды	Баланың сүйікті әнін тыңдатып немесе бірге қарапайым қимылдар жасап, таңғы көңіл-күйін көтеріңіз. Балабақшаға асықтырмай, сабырмен дайындаңыз.	Балаңызды құшақтап, «Мен сені жақсы көремін», «Сенің қолыңнан келеді» сияқты жылы сөздер айтыңыз. Қарапайым әрекеттерді өздігінен орындауға мүмкіндік беріңіз.	Балаңызды құшақтап, күлімсіреп қарсы алыңыз. Қысқа әрі жағымды қарым-қатынас арқылы баланың таңғы көңіл-күйін көтеруге тырысыңыз.	Балаға «Сенің қолыңнан келеді!» деп сенім білдіріп, қарапайым әрекеттерді өздігінен жасауына мүмкіндік беріңіз. Әрбір кішкентай талпынысын мақтап, асықтырмаңыз.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары) **«Өнегелі 15 минут»**	**«Бұл не?»** Тәрбиеші доп, қасық, кітап, құыршақ сияқты таныс заттарды көрсетеді. Заттың атын анық айтып, балаларға қайталатады немесе қолымен көрсетуін сұрайды. **Тіл дамыту**	**«Кім қалай дыбыстайды?»** Тәрбиеші жануарлардың суретін көрсетіп, олардың дыбысын салады: «Мияу», «мә-ә», «ау-ау». Балалар дыбысты қайталауға	**«Өткір затты ұстамаймыз»** Тәрбиеші қайшы, пышақ сияқты қауіпті заттардың суретін көрсетеді. Балаларға оларды ұстауға болмайтынын түсіндіреді. **Қауіпсіздік мәдениеті**	**«Қайтала»** Тәрбиеші жеңіл дыбыстар мен буындарды айтады: «ма-ма», «ба-ба», «па-па», «ау-ау». Балалар қайталауға тырысады. **Тіл дамыту**	**«Розеткаға жолама»** Розетканың суретін көрсетіп, «Мұны ұстамаймыз» деп қарапайым түрде түсіндіреді. Балалар басын шайқап, «болмайды» қимылын көрсетеді. **Қауіпсіздік мәдениеті**

		тырысады. **Тіл дамыту**			
Ертеңгілік жаттығу	«Күн шықты» қолдарын көтеріп созылады. Иықтарын айналдырады. «Құстар ұшты» деп қолдарын жайып қимылдайды. **Салауатты өмір салтына баулу**	«Гүл ашылды» қолдарын жайып көрсетеді. «Жапырақтар сыбдырлайды» қолдарын жанға жайып тербетеді. «Кемпірқосақ» жанға еңкейеді. **Салауатты өмір салтына баулу**	«Жылан» сияқты жерге созылып қимылдайды. «Қораз» сияқты кеудесін алға созады. «Қоян секіреді». **Салауатты өмір салтына баулу**	«Күнге қарайды» басты жоғары көтереді. «Желкен» қолдарын жайып еңкейеді. «Аю жүрісі» жасайды. **Салауатты өмір салтына баулу**	«Күн шықты» қолдарын көтереді. «Жаңбыр жауды» алақандарын соғады. «Көбелек ұшты» қолдарын қағып секіреді. **Салауатты өмір салтына баулу**
Таңғы ас	Қолды сабындап жууға, жеңін түре білуге үйрету **Салауатты өмір салты**	Өз орнын тауып отыру, қасықты дұрыс ұстау **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты**	Тамақты ұқыпты жеу, ауызды жауып шайнауға үйрету **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты**	Майлықты дұрыс пайдалану, тамақтан кейін алғыс айту. **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты**	Суды босқа ағызбауға үйрету Тамақтану әдебін сақтауға үйрету **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты**
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі ҰІӘ)	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен ұйымдастырылған іс-әрекетке	Қызығушылық орталықтарына қызықтыру, ойыншықтарды	Құрылыс, сурет салу бұрыштарына бағыттау. Қалдық материалдармен	Қалдық материалдармен қарапайым әрекет жасау. Құрылыс,	Орталықтардағы заттарды орнына жинау

	дайындау. **еңбекке баулу, буллингтің алдын алу, жауапкершілік**	қауіпсіз пайдалану. Орталық тардағы заттарды орнына жинауға, бір-біріне көмектесуге, ортақ ережені сақтауға үйрету. **еңбекке баулу, буллингтің алдын алу, жауапкершілік.**	қарапайым әрекет жасау, бірлесіп жұмыс істеуге, бір-бірінің жасаған жұмысын құрметтеуге баулу **буллингтің алдын алу, «Адал азамат» – «Заң мен тәртіп».**	сурет салу бұрыштарына бағыттау, құралдарды өзара бөлісіп, кезекпен пайдалануға дағдыландыру. **экологиялық мәдениет, буллингтің алдын алу.**	Қызығушылық орталықтарына қызықтыру, ойыншықтарды қауіпсіз пайдалануға, бір-бірін ренжітпей, тату ойнауға баулу **қауіпсіздік мәдениеті, буллингтің алдын алу**
Кестеге сәйкес ҰІӘ		**Музыка** **Музыка тыңдау:** «Кап-кап, тук-тук-тук» Б. Бейсенова және «Күз» (Зерек ботақан). Қысқа үзінділерді кезектестіріп тыңдатып, көңілді және баяу сипатты қарапайым қимылмен ажыратуға үйрету. **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:**	**Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қолды жоғары көтеру, екі жаққа созу, иықты жеңіл айналдыру, аяқ ұшына көтерілу, қол шапалақтау. 3–4 рет қайталау. **Негізгі қимылдар:** Шеңбер бойымен бір бағытта жүру, белгі бойынша тоқтау. Кейін шеңберден шығып, педагог	**Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қолды алға және жоғары көтеру, жан-жаққа созу, орнында қадамдау, тізені бүгу және түзу тұру. 3 рет қайталау. **Негізгі қимылдар:** Алдымен 3–4 баладан шағын топпен, кейін бүкіл топпен жалаушаға дейін жүру. Педагог	**Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Допты екі қолмен ұстау, алға созу, төмен түсіру, қолды оңға-солға қозғау, жеңіл отырып қайта тұру. 3 рет. **Негізгі қимылдар:** Екі баланың арасында белгіленген «жолмен» допты бір-біріне домалату. Доп жолдан шықса, бала оны алып қайта орнына келеді.

		«Топ-топ, балақан» әні: М. Арынбаев. Ересектің көрсетуімен топылдату, алақан соғу, орнында жеңіл қадам жасау. **Музыкалық ойын:** «Жәй және жылдам» ойыны, музыкасы: Р. Рустамов. Әуен өзгергенде қимыл қарқынын педагогпен бірге өзгерту.	көрсеткен түзу бағытқа 2–3 м жүру. **Ырғақтық жаттығу:** Музыкамен шеңбер бойында жүру, музыка тоқтағанда «қатып қалу». **Қимылды ойын:** «Күн мен бұлт» — «күн» дегенде жүру, «бұлт» дегенде тоқтап, қолды төмен	белгі бергенде топ түгел тоқтайды. Қайтарда басқа берілген бағыт пайдаланылады. **Ырғақтық жаттығу:** «Бірге барам, бірге тоқтайм» деген ырғақпен топтық қадам. **Қимылды ойын:** «Жалаушаға жет» — топпен белгіге дейін жетіп, шеңберге жиналу.	Әр жұп 3–4 рет алмасады. **Ырғақтық жаттығу:** «Домала жолмен, досыма бар» сөздерімен қимылды ырғақтау. **Қимылды ойын:** «Доп жолдан шықпасын» — допты екі сызықтың арасымен жұбына жеткізу
Серуенге дайындық	Бас киім мен аяқ киімді дұрыс киюге жаттықтыру. Серуенге шығу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға, баспалдақпен асықпай жүруге үйрету. **Қауіпсіздік мәдениеті**	Киіну кезінде жағымды көңіл күй қалыптастыру. Ауа райына сәйкес киінуге, бас киім мен аяқ киімді дұрыс киюге дағдыландыру. **Салауатты өмір салты**	Серуенде топтан бөлінбеуге үйрету. **Қауіпсіздік мәдениеті**	Ойын алаңында қауіпсіз ойнауға баулу. **Қауіпсіздік мәдениеті**	Ойын алаңында қауіпсіз ойнауға баулу. **Қауіпсіздік мәдениеті**

